ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 8 желтоқсан №5265-23-00-2/3081 Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.А.Кененбаева, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап қою бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Шымкент каласы білім баскармасының "№130 жалпы орта білім беретін мектебі шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдык кәсіпорыны

ЖАУАПКЕР:
Дара кәсіпкер Асель Амирхановна Кульчикова

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2. тұрақсыздық айыппұлды өндіру туралы

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 117, 223-226, 229, 267-3, 267-4 баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Шымкент каласы білім баскармасының "№130 жалпы орта білім беретін мектебі шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдык кәсіпорынының талап қоюы - қанағаттандырылсын.

Дара кәсіпкер Асель Амирхановна Кульчикова мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Дара кәсіпкер Асель Амирхановна Кульчиковадан Шымкент каласы білім баскармасының "№130 жалпы орта білім беретін мектебі шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдык кәсіпорынының пайдасына 157 080 (бір жүз елу жеті мың сексен) теңге тұрақсыздық айыппұл және мемлекеттік бажға төленген 1725 (бір мың төрт жүз жиырма бес) теңге сот шығыны өнірілсін.

Дара кәсіпкер Асель Амирхановна Кульчиковадан мемлекеттің пайдасына 4712 (төрт мың жеті жүз он екі) теңге мемлекеттік баж өнірілсін.

Жауапкер шешім көшірмесін алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде осы шешімді шығарған сотқа шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге наразы жақ Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік Кодексінің 403, 404 баптарына сәйкес осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін, 1 (бір) ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен Шымкент қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым, прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья: **А.А.Кененбаева**

Құжатқа қол қойылған: Кененбаева А. А., 10.12.2023

Заңды күшіне енген күні: 23.01.2024, судья Сейтжанұлы С., 24.01.2024

5265-23-3-1/3454